

**«Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ
«Облыстық АИТВ-ның алдын алу орталығы» МКК**

ЖИНАЛЫС ХАТТАМАСЫ

Талдықорған қ.

29 мамыр 2026 ж.

Төрағалық етуші: кәсіпорын директоры Уранкаева Г.К.

Хатшы: комплаенс-офицер Салимов Г.Д.

Қатысқандар: кәсіпорынның дәрігерлері, мамандары, орта медициналық персоналы, кіші және өзге де персоналы

Күн тәртібі: Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік

Комплаенс-офицер Г.Д.Салимов: Құрметті әріптестер!

Бүгінгі кездесуімізде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін қолданыстағы заңнамада көзделген жауапкершілік түрлері қаралады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар екі санатқа бөлінеді: қылмыстық және әкімшілік. Қылмыстық жауапкершілік ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін Қылмыстық кодекстің нормаларына сәйкес туындайды. Әкімшілік жауапкершілік Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің негізінде қолданылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 676-бабына сәйкес, жеке тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы беруі 200 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Ағымдағы жылғы есеппен бұл 736 000 теңгені құрайды.

Аталған Кодекстің 677-бабына сәйкес, заңсыз материалдық сыйақы алу 600 АЕК, яғни 2 200 000 теңгеден астам айыппұлмен жазаланады.

Сонымен қатар, 681-бапта бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс үшін сотталған адамды жұмысқа қабылдау жағдайында лауазымды тұлғалар 100 АЕК (368 000 теңге) көлемінде әкімшілік жауапкершілікке тартылатыны көзделген.

Жекелеген күнделікті жағдайларда кездесетін сыбайлас жемқорлық көріністері, мысалы, пациент тарапынан медицина қызметкеріне көрсетілген қызмет үшін ақшалай немесе заттай сыйақы беру әрекеттері де қолданыстағы заңнама тұрғысынан құқық бұзушылық болып табылады. Мұндай іс-әрекеттердің ауқымы шағылғанымен, олар да тиісті жауапкершілікке әкеп соғады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін айыппұлдардан басқа, қосымша жаза түрлері де қолданылуы мүмкін: белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыру, қызметінен босату, ал ауыр жағдайларда – мүлікті тәркілеу және бас бостандығынан айыру.

Осылайша, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар салдары ауыр мүліктік және құқықтық шектеулерге әкеп соғатынын, сондай-ақ кәсіби беделге қайтымсыз нұқсан келтіретінін ескеру қажет.

Назарларыңызға рахмет.

Төрағалық етуші:

Комплаенс-офицер:



Уранкаева Г.К.

Салимов Г.Д.